



Нажмаддин Махайұлы Ахметов. Бұл есімді Орталық Қазақстан жұрты, оның ішінде, Қарағанды, Шет, Жаңаарқа, Ақадыр өңірлері жақсы біледі десек, артық айтқандық емес. Өйткені, ол жүріп өткен өмір соқпақтарымен тығыз байланысты. Жұмыс орындарының қайсыбірі аталған аудандарға тиесілі болса, енді бірі тұрғылықты жерінің географиялық орналасуына байланысты. Негізі, алғашқы еңбек жолы соғысқа дейінгі Тағылы ауыл советіне қарасты Ленин атындағы колхоздан басталады.

Нажмаддин Махайұлының кіндік қаны тамған жері - Қарағандының маңайы, яғни, Көкөзек-Спасск заводы. Көніс солай аталыпты. 1922 жылдың 22 желтоқсаны - дүние есігін ашқан күні. Орта жүздің Арғын руынан. Қаракесектің, Қара-Шорының ұрпағы. Отбасының тұңғышы. Ата-дәстүр салтымен ата-әже бауырында өскен. Сондықтан немеренің үлкені, дегені дер кезінде орындатын ерке тентек-тің.

Әкесі Махай - ауыл-аймағына сыйлы, иманжүзді, діни сауатты, ескіше қаратаныған білімді, өз заманының ілкімді іске икемді алаш азаматы ретінде танымал еді. Атамызды білгендер естеліктеріне қарағанда, атақты Құнанбай қажының көзін көрген, пікірлес, дәмдес болған кісі екен. Колхоздастыру тұсында тері жинап, кооперативтік шаруашылықтың дамуына, халықтың өз бетімен күн көруіне ықпал еткен. Шаңырағын шайқалтпаған, ешкімге телміртпеген. Балаларын кішкенеінен еңбекке баулыған.

Ал әкеміздің анасы - Рабиға-әжеміз де көргенді, діни сауатты ортаның өкілі. 12-13 жасында намазға жығылған. «Аталарың Мекке-Мәдине көрген, қажы атанып, мұсылмандық парызын өтеген» деп жарықтық әжеміз айтып отыратын. Махай мен Рабиғадан Нажмаддин, Еркеш, Майраш, Төкен, Жолболды (Мұбарак), Зәуреш, Аманжол, Зәбираш, Раушан есімді ұл-қыз туды. Қазір бұлардан тек кенже төтеміз Раушан Махайқызы бар, Қаражалда тұрады. Немере-шөбере қызығын көріп отыр.

Өмірі өнеге Нажмаддин Махайұлы тұтқиылдан шабуылдаған неміс фашистеріне қарсы, тарих тілімен айтқанда, Екінші дүниежүзілік соғысқа 20 жасында шақырылады. Шет ауданы, Ленин колхозынан 1942 жылы қаңтарда елжұрты шығарып салған. Бірнеше айлық әскери дайындықтан соң, ұрыстың ең бір қызған ошағына эшелонмен жөнелтіледі. Табиғатынан бірбеткей, ер мінезді, артық-ауыс сөзге жоқ Нажмаддин Ахметов небәрі 20 жасында баба ерлігін қайталады. Арғы аталары жоңғар шапқыншылығында жерін, елін қорғаған. Солардың бірі - Сеңкібай батыр. Баба рухы қолдаған шығар, қанды қырғыннан аман оралды.

Ресейдің Сталинград, Тула, Дондағы Ростов, Таганрогты, сонымен қатар Украинаның бірқатар қалалары мен деревняларын фашистер тырнағынан азат етті. Бұл - 1942 жылғы 2 желтоқсан мен 1943 жылғы 23 ақпан аралығы. Сталинград бағытындағы 24-ші Армияның 29-шы атқыштар дивизиясы, 366-шы атқыштар полкі құрамында болды. Жауынгер Ахметовтің майдан жолындағы ең ауыр да қиын-кескі ұрысы - Сталинград қаласын басқыншылардан тазарту болды. Жоғарыдағы 29-шы атқыштар дивизиясының 128 атқыштар полкіне ауыстырылған кезі. Автоматшы. Әскери рота түнде жаудың оң қалталына шығуы тиіс, Нажмаддин жанында 6 солдатты бар алдыңғы шепке жіберіледі. Мақсаты - қаруланған немістердің назарын басқа жаққа аудару. Алайда, дұшпанның жоспары бұлардыкінен асып түскен, аяқ басар жерге миналар жасырыпты. Жағдай қиындайды. «Десе де түн қараңғылығын пайдаланып, біздің жаққа қарай сыналап өтпекші болған фашист барлаушыларын мен бірінші байқап қалып, бірден оқ жаудырдық, сөйтіп, тыңшылар түгелдей қырылды. Бұл аздай-ақ, араға 5 сағат салып, тыншыған жау тағы шабуылдады. Жанжақтан «Тигр» танкілері оңды-солды атқылады. Отан қорғау-басты парызымыз, қаншама қандыкөйлек жолдастардан айырылдық. Соған қарамастан

ілгері жылжи бердік. Кескілескен бұл соғысты да бастан өткердік» дегенді әкеміз мектеп оқушыларымен Сәкен Сейфуллин атындағы кентте өткізген кездесу кешінде.

Сталинград шайқасы. Жанқиярлықпен соғысқан аяулы әкеміздің мергендігімен кезге түскен жері. Өзеуреген



талай жаудың көзін жойды. «1943 жылғы ақпанның ақырған сарышұнақ аязында. Сталинград түбінде қатардағы жауынгер Ахметовтің сол аяғына тізеден жоғары қаңғыған оқ тиіп, ауыр жараланды». Госпитальға жеткізілгенде тілдей қағазда солай жазылған. «23 ақпан - менің өмірге екінші рет келуім. Бір күн, бір түн мылтығымды астыма жастанып, ақ қар, көк мұзда жеткен жерім осы шығар деп, өмірмен қоштастым. Өзіміз өлдіге баладым, бірақ сүйшілігім бар екен, аяғымды оқ жұлып өкеткенімен, жүрегім сау екенін госпитальда ес жиғанда білдім» дейтін Нажмаддин Махайұлы. Біздің үй-ішіміз 23 ақпанды Совет Армиясының құрылған күні емес, мерген әкеміздің қарша бораған қорғасыннан аман қалған, өмірге қайта туған жұлдызды күні деп қастерлейтінбіз. Өлі де үйреншікті үрдістен жаңылмадық. Жаужүрек, нар тұғалы арда солдаттың Отан қорғаудағы ерлігі

елеусіз қалмады. «Қызыл Жұлдыз», «I дәрежелі Ұлы Отан соғысы» ордендері мен «Сталинград шайқасындағы ерлігі үшін», «1941-1945 жж Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «Ерлігі үшін», «Соғыстағы ерен ерлігі үшін» және тағы басқа бейбіт өмірде марапатталған ондаған медальдары кеудесінде жарқырады.

Ардагер өмірінің соңына дейін Жарық станциясында (Сейфуллин кенті) бала-шағасымен тұрды. Жұбайы Қайниса Жомартқызы - Қостанай облысы, Ленин ауданы, Тайсойған колхозынан (кейін «Чапаев» колхозы, «Россия» астық совхозы, қазір ежелгі «Тайсойған» атауымен аталады). Тайсойғанды Қайниса анамыздың әкесі құрған. Жастайынан ел басқарған, алғаш мектеп ашып, сырттан мұғалім әкеліп, бала оқытуға жол салып, тыңнан түрен салған қайраткер. Көзіқарақты нағашы-атамыз колхоздастыру ісінде белсенділік көрсеткен.

Тайсойғандықтар жиналып, жерлестерінің естелік-әңгімелері арқылы туған жер тарихын парақтауға кірісіпті. Ауыл келбетіне арналған кітап жазып жатыр. Астығы мол, халқы дархан ауылдың тумасы, 11 баланың анасы Қайниса Жомартқызы Ахметова сонау сұрапыл жылдары еңбек армиясына Қостанайдан жіберілді. «Түрксіб» темір жолының Мойынты-Шу магистралін салысты.

Өжет қыз қазақ, орыс, татар, ноғай тілдерінде еркін сөйледі. Көпшіл, мейірімді, асылдың сынығы - тыл еңбеккері, еңбек ардагері. Көпбалалы ана санында 50 жасында зейнеткерлікке шықты. Бірақ көрген қызығы ұзаққа бармады. Меңдеген ауру қамшының сабындай ғұмырына балта шапты. Анамыз ақкөңіл, пейілі Сарыарқаның сайын даласындай кең, ашуы тез тарқайтын, мінезі «ақ торғын орамал кепкенше» дейтін, ақжарқын еді. Ата-анамызды білген, сыйлаған, құрметтеген қауым оларды «адалдығымен, пәктігімен айналасына нұр шашып тұратын» деп еске алады. Қаралайым еңбектен бағы жанған әке-шешеміз туралы не айтсақ та жарасымды. Отағасы Н.М.Ахметов со-

вет үкіметінің заңымен «3-ші топтағы мүгедек» анықтамасымен (сол аяғы тізеден жоғары жоқ) жұмыс істеді. Сарысу разьезіндегі және Жарық станциясындағы сүт заводтарында күзетшілік міндетін атқарды. Ал, егемен ҚР заңына қарасақ, әкеміз марқұм мүгедектігіне қарай, «еңбекке жарамсыз» деп танылуы тиіс екен, бірақ, өткенге не шара?! Анамыз да сол заводтарда жұмысшы болды. Шияттей бала-шағаны екеулеп қақты, қақты. Ел қатарына қосты. Құрметті демалысқа бір мекемеден шықты.

Жаратқан иеміздің пешенеге жазған жасы өлшеулі, Нажмаддин Махайұлы - 64-інде, Қайниса Жомартқызы - 53-інде мәңгілік мекендеріне кете барды.

Батыр ана өмірге 11 перзент әкеліп, одан 8-ержетіп, ат жалын тартып, білім алып, отбасын құрып, бүгінде 6 арқалы-жарқалы өмір кешуде. «Орнында бар - оңалар» демекші, қаралайым тіршілік кешкен ерлі-зайыпты Ахметовтердің ұлағатты тәлім-тәрбиесімен ұл-қыздары жетілді. Оқыды. Шаңырақ көтеріп, ұрпақ өрбітті. Әрқайсысы еліміздің ер түкпірінде қал-қадерінше тер төгіп, қызмет етуде. Дүниенің асылы - еңбекпен көгергендер сапында.

Биыл Шет ауданының құрылғанына 90 жыл толып отыр. Ғасырға бергісіз өмір керуені. Батырлығымен, батылдығымен, қайраткерлігімен, іскерлігімен әйгілі маңдайалды азаматтардың туған топырағы. Жөн сілтеп, көш бастағандардың қолтаңбасымен тамырын тереңге жайған киелі жер. Жүздеген саланың тұтқасын ұстаған маман-кадрларды заманауи өмірге қанат қақтырған әлем.

Шет ауданының әлеуметтік-экономикалық өрістеп-өркендеуі жолында біздің де ата-әжеміздің, ата-анамыздың із тастағаны көкіректе зор мақтаныш сезімін тудырады. Лайым, жақсылықтан айырмасын!

Ауданның халық жұртшылығына жальынды сәлем! Мерейтой құтты болсын!

Әсира НАЖМАДИНОВА,
Шығыс Қазақстан облысы
«Алтай» телеарнасының
шеф-редакторы.